

рада облысының білім басқармасы ауданы бойынша бітім қыста» бөбекжай-балалар алдык мемлекеттік қауым менгерушісі:

Аманжол Б.

1892

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР бойынша ерте жас тобының
перспективалық жоспары**

«Балапан» 1-жастан бастап ерте жас тобы

2021-2022 оқу жылы

«Балапан» ерте жас тобы перспективалық жоспары ҚЫРКҮЙЕК // 2021-2022ж

«Балапан» ерте жас тобы перспективалық жоспары ҚЫРКҮЙЕК // 2021-2022ж

[illegible]

« Балабақша» 1-апта

Мақсаты. Балалардың балабақша туралы алғашқа ұғымдарын қалыптастыру, балабақшада ойыншықтармен ойындарға баулу, тәрбиеші мен топтастармен алғашқы қарым-қатынастар үлгілеріне қызығушылық тудыру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қуыршақ Дана мен бірге жаттығамыз". Мақсаты: Балалардың ыңғайлы қозғалыс белсенділігі үшін жағдайлар жасау, қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсартуға бағытталған қимыл-әрекеттерді ынталандыру; балаларды теңдікті сақтай отырып, сигнал бойынша жүруге үйрету - шектеулі жер үстімен жүру (екі сызық арасында)		Сенсорика. Тақырыбы: "Түрлі -түсті шарларды домалату". Мақсаты: балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге дағдыландыру; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын ояту Күшік ойыншығымен ойнату	Музыка. Тақырыбы: "үйімізде кім бар". Мақсаты: балалармен танысу музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; дабыл аспабымен және оның үнімен таныстыру; балаларды дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету. Дидактикалық ойын «сылдырмақ»	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстар Мақсаты: балалардың ыңғайлы қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған жаттығуларға баулу жүгіру ынталарын жетілдіру; жүруді үйретуШектеулі жерде жүру Сызық арасында жүру Қимылды ойын маған қарай жүгіріңдер
--	---	--	---	--	--

--	--	--	--	--	--

				Сурет салу. Тақырыбы: ғажайып таяқшалар Максаты: балаларды сурет салу құралы қарындашпен таныстыра отырып, оны үш саусақпен ұстап, қарапайым түзу бағытта көлденең сызықтар қалдыруға үйрету; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру. Қимылды ойын мысықтар	

« Менің Отбасым» 2-апта

Мақсаты. Балалардың отбасы туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, отбасы мүшелерін атап, қуаныш сезімдерін білдіруге үйре

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Мысық" Мақсаты. Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауға, белгілі бір сигналға бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектей білу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту. <i>Қимылды ойын:</i> "Мысығым"	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Отбасы туралы санамақ" Мақсаты. баланың көркем сөзді тұтас қабылдауының бастапқы формаларын қалыптастырады: эмоционалды жауап беру, қарапайым мазмұнды түсіне алу. Шағын өнер түрінің қарапайым элементтерін қабылдау қабілетін дамыту. Оқылған туындыны басқа жаққа көңіл бөлмей мұқият тыңдай білуге баулу. <i>Дидактикалық ойын</i>"Кімге не керек?". "	Мүсіндеу. Тақырыбы"Әжеге арналған бауырсақ" Мақсаты. Балаларды ермексазбен таныстыру. Ермексазбен жұмыс істеуді үйрету. Алақанның айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін жасау, дөңгелек пішінді елестетуді қалыптастыру. Ұсақ қол маторикасын, ынтасын дамыту. Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту. <i>Саусақ гимнастикасы</i> "Бауырсақ" : :"	Музыка. Тақырыбы: Музыка "Қанекей, билейік!" Мақсаты. Музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеу, көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктеп, қайталап әндету, көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау; дауылпаз қоңырау музыкалық аспаптар дыбыстарын тани білу, төмен және биік дыбыстары жақсы көретін ойыншықтар арқылы ажырата білу. <i>Музыкалық-дидактикалық ойын</i> "Сылдырмақ"	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы "Күшік" Мақсаты. Балаларға жүруді сигнал бойынша бастауға, белгілі бір сигналға		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Отбасы" Мақсаты. Балаларда отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік қалыптастыру.		

	бойынша бағытты өзгерте отырып жүруге және жүгіруге үйрету, еңбектей білу қабілетін дамыту, шектеулі жерде жүру қабілетін шоғырландыру, педагог пен балалар арасындағы ізгілікті және сенімді қарым-қатынасты дамыту. <i>Қимылды ойын:</i> "Мені қуып жет!"		Есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Отбасындағы жағымды қарым-қатынасты, өзара көмекке, барлық отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. <i>Саусақ ойыны</i> «Отбасы		
Табиғат әлемі 3-апта					
Мақсаты. Балалардың қоршаған табиғаттың бірнеше құбылысымен таныстыру, ауа райында, табиғаттағы құбылыстарды байқатып, жағымды эмоционалды жауаптарды тудыру.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы "Бізде қонақта орман бағбаны" Мақсаты. Балаларды жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануға үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әр түрлі бағытта жүгіруге үйрету, зейінін дамыту. <i>Музыкалық ойын:</i> "Кім бірінші орындыққа отырады". Сурет салу "Шалғындағы шөп" Мақсаты. Жасыл түсті басқа түстерден ажырата білуге, қысқа, серпімді соққылар жасауға, қарындашпен жұмыс істеуге үйрету. <i>Ойын.</i> "Жасыл түсті не болады" .	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Күн мен жаңбыр". Мақсаты: балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту; табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын арттыру.	Сенсорика. Тақырыбы: "Матрешка" Мақсаты. Жиналмалы ойыншықпен (матрешкамен) әрекет жасауды үйрету, шамасына және жағдайына байланысты біріктіру; балалардың саусақтарын дамыту; ""үлкен-кішкентай "" ұғымдарын енгізу; матрешкалармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру. <i>Дид- жаттығу.</i> «Кімнің дыбысы .	Музыка. Тақырыбы "Әлди-әлди " Мақсаты. ҰОҚ-не қызығушылықтарын қалыптастыру, таныс әндерді білу; ересек адамға еліктеу дағдыларды ары қарай үйрету жолдарын жалғастыру; көрсетілген қимыл қазғалыстарды қабылдау және қайталау. <i>Музыкалық- дидактикалық ойын</i> "Сылдырмақ .	
---	--	---	--	---	--

	Дене шынықтыру Дене шынықтыру "Орман бағбанына қонаққа барамыз" Мақсаты: Балалардың шектеулі зат үстімен жүру қабілетін бекіту; арқанның астынан өтуге, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйрету, шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. <i>Қимылды ойын:</i> "Қоян мен қасқыр"			Сурет салу. Тақырыбы: "" "Шалғындағы шөп" Мақсаты. Жасыл түсті басқа түстерден ажырата білуге, қысқа, серпімді соққылар жасауға, қарындашпен жұмыс істеуге үйрету. <i>Ойын.</i> "Жасыл түсті не болады"	
	Дене шынықтыру. "Қуыршақ Дана мен күшікке қонаққа барамыз" Мақсаты. Белгіге әрекет етуге қабілеті мен зейінің дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, аяғымен еңбектеуді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң бірі жүруді, қораптан үстіне көтерілу және төмен түсуді, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді жалғастыру; өне өз бетімен жаттыға білуге тәрбиелеу. <i>Қимылды ойын.</i> «Үлкен ит».				

Менің Қазақстаным/ 4-апта					
Мақсаты. "Қазақстан", "Отан" ұғымы қарапайым түрде ашылатын ойындарға, оқиғаларға балаларды қатыстырып, жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Алға Қазақстан!" Мақсаты. Балаларды гимнастикалық тақтада ересек адамның көмегінсіз жүруге үйрету; тепе-теңдікті сақтауды үйрену; балаларда ептілік пен жылдамдықтарын дамыту; дененің, қолдың және аяқтың бұлшықеттерін дамыту; дене тәрбиесіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. <i>Жаттығу.</i> "Тербеледі ағаштар" "	Көркем әдебиет. Тақырыбы: " .	Мүсіндеу "Бәйтеректің шары" Мақсаты. Балалардың қабылдауын қалыптастыру, алақанның айналма қозғалысымен ермексазды есуді білу, домалақ пішінді заттарды мүсіндеуді бекіту. Мүсіндеуге қызығушылық білдіруге тәрбиелеу. <i>Саусақ гимнастикасы</i>"Отбасы	Музыка. Тақырыбы: "Шапалақтайық та ойнайық" Мақсаты. Өн айту тәсілдерін жетілдіру, қайталанатын сөздерді әндетіп айтуға үйрету ("мяу-мяу", "аф-аф"); көңілді сипаттағы музыканы түсіну және эмоцияларын шығарып қабылдау; ересек адамға еліктейтін, ән салатын нақыштарды қалыптастыру; Балаларды жаңа ырғақтық қимыл- қозғалыспен таныстыру; таныс әндерге қосылып әндетуге қызығушылықтарын арттыру; "Күн мен бұлт" балалар ойында көңілді және баяу музыканы ажыратуға үйрету. <i>Қозғалмалы ойын.</i> "Тығылмаш" музыкалық-ырғақты қимылдар	

				«жүгіреміз Жүреміз» Г.Абдірахманова	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жалауды жоғары көтереміз" Мақсаты. Белгіге әрекет етуге қабілеті мен зеінін дамыту; шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру; төрт аяғымен еңбектеді және арқанның астымен еңбектеп өтуді, жол бойымен бірінен соң бірі жүруді, қораптан үстіне көтерңлу және төмен түсуді, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйретуді <i>Жаттығу</i> "Тербеледі ағаштар".		Жаратылыстану. Тақырыбы "Айжан қуыршақ Қазақстан туралы әңгімелейді" Мақсаты. Балалардың өздері тұратын ел туралы түсініктерін қалыптастыру; Қызығушылықты, байқағыштықты, сөйлеуді, есте сақтау қабілетін дамыту; өз Отанына деген патриоттық сезімдерін көтеру. <i>Қимылды ойын.</i> "Арқан түю"		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы жалаушаны жоғарыға көтереміз" Мақсаты. Гимнастикалық тақтада жүргенде тепе-теңдікті сақтай білуге жаттығу, қораптан жоғары және төмен түсу, төрт аяқтап еңбектеу				

	және арқанның астымен жүруді үйретуді жалғастыру, затты оңға және сол қолмен қашықтыққа лақтыру, сабаққа деген қызығушылық және өз бетімен жаттығуға тәрбиелеу. <i>Жаттығу.</i> "Тербеледі ағаштар".				
--	---	--	--	--	--

« Балапан» ерте жас тобына арналған перспективалық жоспар

ҚАЗАН айы 2021-2022жж

<i>Денсаулық</i>	<i>3</i>	<i>Қатынас</i>	<i>1</i>	<i>Таным</i>	<i>1</i>	<i>Шығармашылық</i>	<i>2</i>	<i>Әлеумет</i>	
									-
Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту (1-3 апта)	0,5	Сенсорика (1-3 апта)	0,5	Музыка	1		-
		Көркем әдебиет (2-4 апта)	0,5	Жаратылыстану (2-4 аата)	0,5	Сурет салу (1-3 апта)	0,5		-
						Мүсіндеу (2-4 апта)	0,5		- -

«Қош келдің, Алтын күз!» 1-апта

Мақсаты. Балалардың күз мезгілі, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі құбылысына деген қызығушылық тудыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету.

Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Түлкінің сыйлықтары". Мақсаты: Балаларды гимнастикалық қабырғаға көтерілуге, тепе-теңдікті сақтауға, белгілі бір бағытта жүгіруді жақсартуға және белгі берген кезде жауап беруге әрекет етуге үйрету, затты белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыра білуге жаттықтыру. Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аюға қонаққа барамыз" Мақсаты: Балаларға шектеулі зат үстімен жүруге, педагогпен бірге ойын түрде допты алға қарай итеру (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып, алға қарай еңбектеу, ; допты алға қарай итеру), жүру кезінде, тепе-теңдікті сақтау, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Жапырақтар". Мақсаты: Қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және күз мезгілі туралы түсінік беріп, ондағы жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету; белсенді сөздікті байыту, былдыр сөздер мен дыбыстарға еліктеуді біртіндеп жалпы қолданатын тілдік формамен ауыстыру, заттар мен іс-әрекеттерді білдіретін жаңа сөздерді енгізу, пассивтік сөздік қордағы сөздерді айтуға үйрету; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Күзгі жол бойымен". Мақсаты: Бір ғана ойыншықпен ойнай білуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, "ки", "шеш", "сақина" сөздерін түсіну, басқа заттармен әрекет етуге тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық". Мақсаты: Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.	
			Сурет салу. Тақырыбы: "Күзгі ағаш". Мақсаты: Балаларды "баспа" сурет салудың дәстүрлі емес техникасымен	

эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға деген ұмтылысты тудырады.			таныстыру - жапырақ іздері; сөздік қорын кеңейту және белсендіру (жапырақтың түсуі, жапырақтары, ағаштың тәжі); гүлдердің түстерін бекіту (сары, қызыл, қызғылт сары); қылқаламды қолдануға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; бояулармен жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шуақты шалғында".Мақсаты: Балаларға допты екі қолмен педагогқа қарай домалатуға үйрету, балаларды төрт аяқтап тура (4 м қашықтықта) еңбектеуге жаттықтыру, балалардың бір-біріне соқтығыспай педагогтың соңынан үйір болып жүру және жүгіру дағдыларын бекіту, жаттығуға деген қызығушылықтарын арттыру және барлығымен біріге жаттығулар жасауға ынталандыру, ептілікке, зейінділікке, төзімділікке баулуға талпындыру.				

Күз сыйы 2-апта				
Мақсаты. Балалардың күздің сыйы жеміс пен көкөніс түрлері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.				
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қақпаға дәл көзде". Мақсаты: Балаларға допты домалатуды үйрету, гимнастикалық қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануға дағдыландыру, бірге тату ойнауға үйрету.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Күзгі бояулар". Мақсаты: Күз туралы білімді бекіту; адамның жұмысын құрметтеу; Бақыт, молшылық сөздердің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын байыту; Тілдерін, шығармашылық талғамын, қимыл - қозғалыстарын дамыту.	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Бақшаға кім барады?". Мақсаты: Балаларда көкөністер мен жемістер туралы түсінік қалыптастыру; кейбір жемістер мен көкөністерді табиғи түрінде және суреттерде тануға үйрету; зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Күз бізге не әкелді?". Мақсаты: "Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоционалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.	
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Күзгі орманда". Мақсаты: Балалардың алға қарай бағытта екі параллель түзудің (ұзындығы - 2,5 м, ені - 25 см) арасында бірінен соң бірін жүру қабілетін бекіту; негізгі қимыл түрлерін дамыту; икемділік; жәй жүру; бұлшықеттің негізгі топтары; бір-біріне деген			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Қоянға арналған дәм". Мақсаты: Ермексазды алақанның ортасына салып, түзу қозғалыспен таяқшалар есуді, қызыл түсті ажырата білуді үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту,	

сенімділікті қалыптастыру; табиғатқа ұқыпты және құрметпен қарауды ынталандыру; жаттығуларды қайталау арқылы балалардың оқу әрекеттерін нығайту.			мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.	
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біздің аяғымыз тегіс жолдармен жүреді". Мақсаты: Балаларды түзу жолмен жүруге (ені 25-30 сантиметр, ұзындығы 2-3 метр), таяқтан аттап өтуді, шектеулі беткеймен жүруді және еңбектеуді, доптарды домалатуды, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинап, оларды өзбеттерімен себетке салуды (қорап), бөренеден аттауға үйрету .				
Ас атасы – нан 3-апта				
Мақсаты. Балаларға нан өніміне, ересектердің еңбегіне деген қызығушылық тудыру.				
Дене шынықтыру. тақырыбы: "Нан болса - ән де болады".Мақсаты: Балалардың тепе-теңдікті сақтай отырып, шектеулі жерде жүру қабілетін жақсарту; тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; жаттығу кезінде	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Дәмді бауырсақ".Мақсаты: Балаларға күнделікті жеп жүрген нан және азық атауларынмен таныстырып оларды дұрыс атай білуге үйрету; тыңдау	Сенсорика. Тақырыбы: "Орман алқабында".Мақсаты: Саусақ қимылдарын үлесімін дамыту, тесікке төлкені алып-салуды үйрету; түсі бойынша заттарды топтауға	Музыка. Тақырыбы: "Бізге ән салып берші, Қораз".Мақсаты: Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы	

физикалық белсенділікті арттыру; ептілік пен жылдамдықты дамыту; ағзаның дұрыс дамуы мен жақсаруы үшін күнделікті тұтынатын тағамның маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу мүшелерінің жұмысына тиімді әсер ету.	мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; есту, қайталау, еске сақтау, зейіндерін дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу.	үйрете білуін бекіту; қолдың моторикасын және ойлау қабілетін, зейінін дамыту; үлкен адамдарды тыңдап, өзіндік жұмысқа, заттармен әрекет етуге тәрбиелеу.	ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту. "Ас атасы-нан" түсініктерін кеңейту.	
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тышқанға дән жинаймыз". Мақсаты: Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету.			Сурет салу. Тақырыбы: "Тоқаш". Мақсаты: Шеңберге ұқсас пішіндерді салуды үйрету: сызықты дөңгелек етіп жабу, қылқаламды өз бетінше таңдау; кең қадамен – тоқаш салу үшін, тармен - бубликтерді салу үшін; қылқаламды қолдану техникасы мен ережелеріне сәйкес жаттығу: саусақтарыңызды дұрыс ұстаңыз, бояуды тек қадалы етіп алыңыз, қаданы жүргізіңіз, шайыңыз, құрғатыңыз, құмырада қалдырмаңыз; көзді дамыту, "көз-қолды" үйлестіруді	

			дамыту; балалардың тоқаш пен бублик суретін салуға қызығушылығын дамыту.	
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты қалай домалатамыз". Мақсаты: Балаларға жұпты табуға және жұпта қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күте білуге үйрету.				
Жыл құстары 4-апта				
Мақсаты. Балаларға жыл құстарының жылы жаққа ұшуы туралы алғашқы түсініктерді беру; құстардың шығаратын дыбыстарына деген қызығушылығын тудыру.				
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Секіріп үйренеміз!". Мақсаты: Балаларды лента мен арқаннан екі аяқпен алға секірудің орындалуымен таныстыру; көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, белгіге жауап беру қабілетін жетілдіру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қарлығаш". Мақсаты: Фольклорға деген қызығушылықты ояту, зейінін шоғырландыруға үйрету, ертегілер мен тақпақ - жаттамақтардың мазмұнына эмоционалды жауап беруге ықпал ету.	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Кішкентай құстар".Мақсаты: Балалардың қоныс аударатын құстар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, құстарды бақылау. Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту және құстарға деген	Музыка. Тақырыбы: "Құстар қалай шикылдайды?". Мақсаты: "Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп	

	Сөздік қорларын белсендіру, педагог тақпақ - жаттамақтарды оқығанда балалардың сөздерді белсенді айтуына ықпал ету, баланың өздігінен айтуға тырысуын құптау, қимыл - қозғалыстарымен байланыстыру. Қол және ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Халық ауыз әдебиетінің шығармаларына деген қызығушылықтарын арттыру.	қызығушылықты арттыру. Оларға деген қамқорлықты тәрбиелеу.	шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту. Құстар тұралы түсінік беру.	
Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Торғай сияқты секіреміз". Мақсаты: Балаларда жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру; балаларды лентадан, арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Үйрекке арналған қиыршықтар. " Мақсаты: Ермексаздан бөлшектерді үзіп алуға, алақанның ортасына салып айналма қозғалыстармен есуге үйрету; оларды кесекке айналдыруды білуді жетілдіру; дайын жұмыстарды ұқыпты орналастыруға, мүсіндеуге ынтасын ояту, құстарды жақсы көруге тәрбиелеу.	

Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз мергенбіз". Мақсаты: Балаларда жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру; балаларды лентадан, арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.				
--	--	--	--	--

« Балапан» ерте жас тобына арналған перспективалық жоспа
ҚАРАША айы 2021-2022жж

« Балапан» ерте жас тобына арналған перспективалық жоспа
ҚАРАША айы 2021-2022жж

[illegible]

Жомарт күз 1-апта

Мақсаты. Балаларға күздің сыйлары жайында ұғымдар қалыптастыра бастау; эмоционалды жауаптар беруге ынталандыру

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Доптарды лақтыруды үйренейік". Мақсаты: Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: ""Себетке жинаймыз" ойыны". Мақсаты: Балаларға күз туралы ұғымдарын жалғастыра отырып, жеміс - көкөністермен таныстыру, олардың атауларын буындап айтуға үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне, достыққа, адмгершілікке	Сенсорика. Тақырыбы: "Тиінге арналған үй". Мақсаты: Шамасы бойынша текшелерді ажырата білу; түстерді бекіту (сары, қызыл, жасыл), мұнара құру; ұсақ моторика,логикалық ойлау, сақтау қабілетін дамыту, жаңа нәрсе білуге тәрбиеу, бірге ойнау.	Музыка. Тақырыбы: "Күз бізге сыйларын тарту етеді". Мақсаты: Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Әртүрлі өнерге деген қызығұшылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.	

		тәрбиелеу.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бізде жүк машинасы бар". Мақсаты: Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.			Сурет салу. Тақырыбы: "Шалқанды бояйық". Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстауға, оны бояуға батыруға, сұлбаның ішіне бояуға, сары түстерді тануға және дұрыс атауға үйрету; сурет салу кезінде дұрыс отыруды қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кел, допты лақтырайық". Мақсаты: Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру қабілеттерін кеңейту;				

	дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.				
Көліктер 2- апта					
Мақсаты. Балаларға көліктердің ерекше қимылдайтынына, дыбыс шығаратынына қызығушылық тудыру; ойындарды жағымды эмоцияларға бөленуге баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Паровоз". Мақсаты: Балаларға допты домалатуға үйрету, гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, біріге ойнауға үйрету.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: Трактор". Мақсаты. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; трактордың дыбысын, негізгі қимылдау қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Трактордың бөлшектерін тап</i> " .	Жаратылыстану. Тақырыбы "Қарбыз тиелген жүк машина" Мақсаты. Балаларға жүк көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жүк машинасының негізгі бөліктерін атауда жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру.	Музыка. Тақырыбы: "Біз көлікпен жүреміз". Мақсаты: "Жапырақтар" әуеніне балаланың эмоционалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аспанда			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Көңілді	

	ұшақ ұшып барады".Мақсаты: Балалардың допты домалату дағдыларын қалыптастыру, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, біріге ойнауға үйрету.			ұшақ". Мақсаты: Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді бекіту, ермексаздың дайын бөлшегін жұмсартып, алақанның түзу қозғалысымен есуді, үлгіге байланысты бөлшектерді біріктіру, көзбен өлшеуді түзету; ермексазбен жұмыс істеу ережесін сақтау.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Паровоз жүйткіп келеді". Мақсаты: Балалардың допты айналдыру дағдыларын бекіту, гимнастикалық қабырғада өрмелеу, допты домалату кезінде бағытты ұстануға үйрету, бірге ойнауға үйрету.				
Жабайы табиғат әлемі/ 3-апта					
Мақсаты. Балалардың жабайы аңдардың тіршілігі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру, сыртқы пішіндеріне, қимылдарына қызығушылықтарды тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қояндар	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: :	Сенсорика. Тақырыбы: : "Сикырлы	Музыка. Тақырыбы: "Біз	

	көгалда ойнап жүр". Мақсаты: Әр түрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпқа қоюға үйрету, балаларды құрсаудан өтуге, жатқан заттардың үстінен аттап өтуге және еңбектеп өтуге үйрету; ептілікті, икемділікті, төзімділік пен үйлесімділікті дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықты тәрбиелеу.	"Жабайы аңдар". Мақсаты: Балаларды жабайы аңдармен, олардың атауларымен таныстырып, дұрыс, анық, буындап айтуға, олардың қимыл - әрекеттерін көрсете білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге деген қызығушылықты тәрбиелеу	қораптар". Мақсаты: Балаларды қораптарды ашуға және жабуға үйрету, әр қорап үшін дұрыс қақпақты таңдау,,саусақтардың ұсақ моторикасын дамытуды жалғастыру, кеңістіктік үлгілерді көрсету:кішкене заттарды үлкен қорапқа салу, түс туралы білімдерін бекіту; қызығушылыққа тәрбиелеу.	билейміз". Мақсаты: Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Орман тұрғындарына қонаққа барайық". Мақсаты: Кішкентай допты (қапшықты) оң және сол қолмен лақтырған кезде бастапқы позицияны дұрыс ұстануға үйрету, орнында секіру (секіру) кезінде қозғалыс қабілеттерін дамыту, гимнастикалық жол бойымен алақан мен			Сурет салу. Тақырыбы: Тақырыбы: "Қорқақ қоян сұр". Мақсаты: Балаларға губканы қолдана отырып гуашьпен сурет салуға үйрету; сурет салуға оң көзқарас қалыптастыру, балаларда жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті туралы түсінік қалыптастыру; кеңістікте бағдарлауды	

	тізеге тірек етіп, еңбектеу дағдысын машықтандыру, кедергілерді жеңуге деген сенімділік сезімін қалыптастырады, ойын әрекетіне қатысуға эмоционалды жауап тудырады.			дамыту; барлық тіршілік иелеріне мейірімді және ұқыпты көзқарас қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аңдар балаларға қуанады". Мақсаты: Кішкентай допты (қапшықты) оң және сол қолмен лақтырған кезде бастапқы позицияны дұрыс ұстану қабілеттерін нығайту, орнында тұрып секіру қабілеттерін дамыту, гимнастикалық жолмен алақандар мен тізелерінде тұрып еңбектеу дағдысын машықтандыру, кедергілерді жеңуге деген сенімділік сезімін қалыптастыру, ойын сабағына қатысуға эмоционалды реакцияны тудыру.				
Ғажайыптар әлемінде/ 4-апта					
Мақсаты. Балаларды ертегілер әлеміне деген қызығушылықтарды тудыру; эмоционалды жауаптарды қайтаруға ынталандыру.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бір, екі, үш - жүгір!". Мақсаты: Балаларда ойын әрекетіне деген эмоционалды реакцияны және оған қатысуға деген ықыласты тудыру. Балаларды тепе-теңдікті сақтап, гимнастикалық жолмен жүру жаттығуларын жалғастыра отырып, батылдық сезімін арттыра түсу. Балалардың көлденең нысанаға екі қолмен өздеріне ыңғайлы түрде лақтыру дағдыларын жетілдіру. Олардың жүгіру дағдыларын күрделендіре отырып, дамытуды жалғастыру (баяу жүгіру, аяқтың ұшымен жүру, шеңберден шеңберге адымдау). .	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "В.Г. Сутеевтің "Алма" ертегісі". Мақсаты: В. Г. Сутеевтың "Алма" ертегісімен таныстыру; сөздік қорларын толықтыру; көркем әдебиетке деген танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру; балаларға ертегіні мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді есте сақтауға үйрету; тілін, қиялын, ойлау қабілетін дамыту.	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Дана қайда барды?". Мақсаты: Жанды және жансыз табиғат туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. Сөйлеуді, ойлауды, қиялын, үй жануарлары мен құстарға деген қызығушылығын дамыту, оларға деген қамқорлықты, халық ертегілеріне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Орамалды бұлғайық". Мақсаты: "Күшігім" әуеніне балаланың эмоционалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бауырсаққа қонаққа барайық". Мақсаты: Балалардың қатарда			Мүсіндеу. Тақырыбы:.	

	жүгіру қабілетін арттыру; биіктігі 50 см арқанның астында еңбектеп жүру; жүгіру жылдамдығын арттыру, педагог нұсқауларына назар аудару, жаттығу жасау ептілігіне жаттықтыру.				
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Гүлдерді терейік". Мақсаты: Балаларға таныс ертегілер арқылы қозғалыс дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру. Доппен жаттығу жасауды үйретуді жалғастыру; екі аяқпен алға қарай секіру дағдыларын дамыту; жаттығулар жасау кезінде балаларда жағымды эмоцияларды тудыру.				

« Балапан» ерте жас тобына арналған перспективалық жоспар

ЖЕЛТОҚСАН айы // 2021-2022жж

[illegible]

Алақай, қыс келді! 1-апта

Мақсаты. Балалардың қыс мезгіліне тән қар жауынына қызығушылықтарды ояту; эстетикалық талғам негіздерін қалау.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз қарларды домалатамыз". Мақсаты: Педагог соңынан балаларды шағын топтарда жүруге және жүтіруге үйрету; кеңістікті бағдарлай білулерін дамыту, сигнал бойынша әрекет; қимылды ойындарға қатысуға деген қызығушылық пен ықыласты тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Қар жауды". Мақсаты: Балаларға қыс туралы ұғым беру; жаңа сөздермен таныстыру, танысқан сөздердің атауларын дұрыс, анық айтуға үйрету; балалардың ойын, зейінін, ынтасын, еске сақтау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту; адамгершілікке, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Үлпілдек ақ қар". Мақсаты: Сезім мен қабылдауды жетілдіру арқылы сенсорлық тәжірибені қалыптастыру; қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейту және байыту (қар туралы); балалардың қардың түсі мен формасы туралы білімдерін бекіту; ұсақ моториканы дамыту; басқаларға деген жақсы сезімдерді тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Аппақ қысқа сәлем берейік". Мақсаты: Баяу сипаттағы әуенге жай екпінде жүруін жаттаттыру. Әнді басынан аяғына дейін жаттап айту. Музыкалық-ырғақтық қызметіне баланың денесі дамуына ықпал ету. Өртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерін дамуына ықпал ету.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қысқы орманға саяхат Мақсаты: Бірінен соң бірі жүру және жүгіру қабілеттеріне жаттығу; екі аяғымен итеріліп, екі параллель сызықтан секіріп, жұмсақ қонуды дұрыс орындау қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық орындықта тұрақты тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру; доғаның астына өтіп және түзу тұру қабілетін бекіту; балалардың қозғалу тәжірибесін байыту және күшейту. Қолдары мен ақтарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үйлестіру және ырғақтылық, психофизикалық қасиеттер: шапшаңдық, ептілік дағдылары.			Сурет салу. Тақырыбы: "Қар жауады".Мақсаты: Позитивті эмоционалды ахуалды құру, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; дәстүрлі емес бейнелеу дағдыларын жетілдіру (ұлпаларды саусақтармен салу); қарым-қатынас және сөйлеу дағдыларын дамыту; көркем сөзді, музыканы қолдана отырып, балаларда жағымды эмоциялар ояту; балалардың ой-өрісін кеңейту, танымдық қызығушылықты ынталандыру; ұсақ моториканы, қиялды, түс пен ырғақ сезімін дамыту.	
--	--	--	--	--	--

	Дене тәрбиесіне деген қызығушылықты арттыру, бірлескен ойын әрекеттерінен қуаныш пен қанағат сезімін тудыру, шектеулі жазықтықта жүру кезінде батылдық пен сенімділікке тәрбиелеу.				
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қысқы жолдармен жүруді үйренейік".Мақсаты: Бағанда бірінен соң бірі жүру және жүгіру қабілетін нығайту; аяқтың ұшымен жүру; балаларды гимнастикалық орындықта жүруге үйретуді жалғастыру; төрт аяқтап еңбектеу, доғаның астымен өтіп жаттығу; олардың қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жаттығуларды орындау қабілетін бекіту.				

Жайнай бер, менің Қазақстаным! 2-апта					
Мақсаты. Балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне деген қызығушылықтарды ояту; Отан туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қазақстаным, алға!". Мақсаты: Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықта жүруге үйрету; дұрыс үйлестіру қабілеттерін, ептілігі мен жылдамдығын; зейінді, естуді, көруді, кеңістікті бағдарлауды, қимылдарды үйлестіруді, жүру және жүгіру арқылы тепе-теңдікті сақтау және дамыту; Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Қазақстан жалауы" Ө. Ақыпбекұлының өлеңін оқу.". Мақсаты: Балаларды Ө. Ақыпбекұлының "Қазақстан жалауы" өлеңімен таныстыру. Отан туралы білімдерін нақтылай түсу, өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету; сөздік қорларын кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыту; Отансүйгіштікке тәрбиелеу .	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Отанымыз - Қазақстан". Мақсаты: Балалардың туған жер туралы түсініктерін қалыптастыру, жанды және жансыз табиғат құбылыстары туралы. Қазақстан Республикасының рәміздерімен (ту, гимн, елтаңба) таныстыру. Туған жердің құндылығы мен әсемдігі туралы түсініктерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін, зейінін, қызығушылығы мен байқауын дамыту. Өз Отанына деген патриоттық сезімдерін көтеру.	Музыка. Тақырыбы: "Көңілді мереке". Мақсаты: "Әлди-әлди" әуеніне балаланың эмоциялды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Отанымыздың жауынгерлері". Мақсаты: Тізені жоғары көтеріп жүру қабілетін дамыту; тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру; балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; эмоционалды көңіл-күйді көтеру; балаларда жоғары жылдамдықты қабілеттерді тез игеру қабілеттерін тәрбиелеу; дене жаттығуларын орындау кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың арқанның астымен өту, жорғалай алу қабілетін нығайту, бастың артынан лақтыру дағдыларын жетілдіру, лақтыруды тек сигнал бойынша орындау, өз қимыл қозғалыстарын жолдастардың қозғалыстарымен келісіп орындауға үйрету.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Әжейге арналған табақ". Мақсаты: Ермексаздың кесегінен есу, үзіп алу, түзулеу мүсіндеу тәсілдерін қалыптастыру; алақанның айналма қозғалысымен есу, кесектен бөлшекті үзіп алу арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту. Үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	
--	--	--	--	---	--

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қазақстанның спортшылары!". Мақсаты: Балаларды доппен жаттығулар жасауға жаттықтыру: домалату, қашықтыққа лақтыру, екі қолмен төменнен көлденең нысанаға ; ұйымшылдық қабілетін дамыту, дене тәрбиесі оқу іс-әрекеті кезінде құрдастарымен достық қарым-қатынасты сақтау; балалардың денсаулығын нығайту шаралары, түзету жаттығуларын қолдану арқылы нығайту (массаж доптарымен жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, қимылды ойындар); достық қатынастарды, өзара көмекке, спортқа қызығушылықтарын арттыру.				
Қош келдің, Жаңа жыл! 3-апта					
Мақсаты. Балаларға Жаңа жыл мерекесіне қатысты шыршаны безендіру әрекетіне деген қызығушылықтарды тудыру; жасыл шырша ойыншықтарына қарап, қуаныш сезіміне бөленуге үйрету.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аққала". Мақсаты: Жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру; лақтыра білуге, секіруге жаттықтыру; балалардың жыл мезгілдерінің таулары, оларды анықтай білу білімдерін бекіту; зейінін дамыту; балаларға қуаныш сезімін беру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Жаңа жыл". Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде болатын Жаңа жыл мерекесімен таныстыру, ересектердің сөздерін тыңдай білуге, сұрақтарға жауап беруге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды, тіл мәдениетін, зейіндерін дамыту; оқу қызметіне, мерекеге қызығушылықтарын тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Жаңа жылдық ойыншықтар". Мақсаты: Біртектес заттарды белгілерінің біріне сәйкес тануға және топтауға үйрету: пішіні бойынша; ,доптың қайсысы үлкен немесе кіші екенін түртіп отырып болжау; заттардың көлемін және кеңістіктегі орналасуын қабылдауды дамыту; ойынға деген жағымды қатынасты, достықты тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Қоңырауым сыңғырлайды". Мақсаты: Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық шеберліктерін арттыру: әртүрлі сипаттағы музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын қызметін дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кел, допты домалатайық". Мақсаты: Балаларды әр түрлі заттардың (қақпалардың) астымен 1-1,5 м қашықтықтан берілген бағытта еденде отырып допты домалатуға үйрету; допты бір-біріне алға бағытта домалату, оны қатты итеріп жіберу			Сурет салу. Тақырыбы: "Шырша шарлары". Мақсаты: Әр түрлі түстерді қолдана отырып, саусақтармен сурет салуға үйретуді жалғастыру, негізгі түстер туралы білімді бекітуді, бейне бейнесін көру қабілетін дамыту, шеберлікті дамытуды, бірлесіп	

	қабілетін бекіту; қолмен үйлестіруді дамыту; кеңістікті бағдарлай білу, көздің қадағалау қызметін белсендіру мүмкіндігі.			жұмыс істеуді үйрету.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аққаламен футбол ойнайық". Мақсаты: Кедергілерден аттап өтіп, алға жылжыта отырып, екі аяғымен секіру, серуендеу, бір қолмен көлденең нысанаға лақтыруға үйрету, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту, достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу, «қыс» белгілерімен таныстыруды жалғастыру.				
Жаңа жылдық сыйлықтар / 4-апта					
Мақсаты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарға деген ерекше қызығушылықтарын тудыру					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жаңа жылғы сыйлықтарды табайық". Мақсаты: Залдың барлық аймағын пайдаланып, жүру және жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; доғаның астында төрт аяқтап өту; қол мен аяқтың қозғалысын, лақтыруды дұрыс үйлестіру қабілетін бекіту; орындықта жүру кезінде тепе-тендікті сақтап жүре білуге жаттықтыру; алға қарай екі аякпен секіру.Балаларда жүру, жүгіру, жаттығу жасау кезінде және ойын кезінде арқаларын дұрыс ұстау қабілеттерін қалыптастыру; зейінін, реакциясының жылдамдығын, ептілігін, күшін, ырғақ сезімін дамыту; жұптық және ұжымдық әрекеттерді орындау қабілетін дамыту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қадыр Мырза Әлидың "Жапалақ қар" өлеңін оқу." Мақсаты: Балаларды қойылған сұрақтарға 2 - 4 сөзден құралған сөйлемдермен жауап беруге үйретуді, қарапайым жұмбақтарды мұқият тыңдап, шеше білуге үйретуді жалғастыру; Зат есімдер мен сын есімдерді қолдануға итермелеу; негізгі түстермен: қызыл, көк, сары, жасыл таныстыру; Сөйлеудің мағынасын түсіне білу, ересек адамдарға еліктеу дағдыларын дамыту, тілдік белсенділігін арттыру; Саусақ жаттығуларының түрлерін күрделендіру, саусақ ойындары үстінде сипап сезу сезімталдығын, көру және қимыл үйлесімдігін дамыту; Сезімталдыққа, жан - жануарларға деген	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Аяз Атаның қабында не бар?". Мақсаты: Мерекеге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру, қоршаған ортадағы және суреттегі заттарды тануға үйрету. табиғат құбылыстарын бақылау, оларды атау білу. Балалардың зейінін, қиялын, есте сақтауын, сөйлеу қабілетін дамыту. Өзгелерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Қуанышты көңіл-күй қалыптастыру.	Музыка. Тақырыбы: "Балалар мен сыйлықтар". Мақсаты: "Жасыл шырша" әуеніне балаланың эмоционалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру. Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету. Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту. Ересек адаммен еркін қарымқатынасу жолдарын дамыту.	
--	--	--	---	--	--

		қамқорлық қарым - қатынасқа баулу.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Сыйлықтарды Аяз атаның қабына жинайық". Мақсаты: Залдың барлық аймағын пайдаланып, жүру және жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру; доғаның астында төрт аяқтап өту; қол мен аяқтың қозғалысын, лақтыруды дұрыс үйлестіру қабілетін бекіту; орындықта жүру кезінде тепе-теңдікті сақтап жүре білуге жаттықтыру; алға қарай екі аяқпен секіру. Балаларда жүру, жүгіру, жаттығу жасау кезінде және ойын кезінде арқаларын дұрыс ұстау қабілеттерін қалыптастыру; зейінін,			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Шыршаға арналған ойыншықтар". Мақсаты: Сары, қызыл, көк түстерді ажырата білу, заттардың пішінін білу, кесек ермексаздан бөлшекті үзіп алу тәсілін білуді бекіту, мүсіндеу мен мейрамдарға деген қызығушылығын тудыру.	

	реакциясының жылдамдығын, ептілігін, күшін, ырғақ сезімін дамыту; жұптық және ұжымдық әрекеттерді орындау қабілетін дамыту.				
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Менің жаңа жылғы сыйлығым". Мақсаты: Балаларды көлбеу тақтайда жүруге үйрету, кеуде бойынан қашықтыққа лақтыруға жаттығу жасау, балаларды өз қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіруге, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету.				

« Балапан» ерте жас тобына арналған перспективалық жоспар
ҚАҢТАР айы /2021-2022жж

« Балапан» ерте жас тобына арналған перспективалық жоспар
ҚАҢТАР айы /2021-2022жж

[illegible]

Қыс қызығы 1-апта									
Мақсаты. Балаларды қысқы ойындар түрлеріне қызығушылықтарды тудыру; қысқы киім үлгілері мен атрибуттарды таңдауға үйрету.									
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қармен ойнайық". Мақсаты: Балалардың ыңғайлы қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, оларды қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған қимыл-әрекетке, ынталандыруға шақыру. Бір-бірден жүру және жүгіру жаттығуларын жасау, допты қашықтыққа оң және сол қолдармен лақтыру, сигналға тез әрекет ету, балаларды жүруге жаттықтыру, тепе-теңдікті жоғалтпау қабілеттерін бекіту; балалардың ептілік,	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Шанамен сырғанаймыз". Мақсаты: Балаларға қыс туралы ұғымдарын жалғастыра отырып, қыс қызықтарымен таныстыру, жаңа сөздермен таныстырып үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; байқағыштық, зейіндерін, ой - өрістерін, еске сақтау қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Аққала". Мақсаты: Бір уақытта екі қасиетін ажырата білу: түсін және шамасын, ересек адамның көмегімен құрастыра білу, ұсақ моториканы дамыту, айналадағы ортаға жақсылық көрсетуге тәрбиелеу, бір жұмысты аяғына дейін орындауды үйрету.	Музыка. Тақырыбы: "Аққала". Мақсаты: Ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезінуге тәрбиелеу. Балаларды шашыраңқы түрде оңай жүгіруге үйрету, қолдарымен әр түрлі қимылдар жасау. Жаңа әнмен таныстыру, мазмұны, мінезі туралы әңгімелеу. Балаларды қимылдарды музыкамен байланыстыра орындауды үйрету. Балалардың тембрлік естуін жақсарту үшін: сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату.					

	шапшаңдық, тапқырлық қабілеттерін дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын, спортпен шұғылдануды қалауға тәрбиелеу.				
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Пингвиндер ұқсап секірейік". Мақсаты: Балалардың екі аяқпен алға секіруді үйретуді жалғастыру. Белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру. Бір-біріне соқтығыспай жүру және жүгіре білуге жаттықтыру. Дене шынықтырумен кезінде жағымды эмоцияларды тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: ""Аққала" "бояу"". Мақсаты: Суреттің ішін бояулармен бояуға үйрету ("бояу" әдісі деп аталады); қыстың белгілерін ажырата білуге және атауға үйрету; балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын дамыту; қимылдарды сөзбен үйлестіру арқылы орындау қабілетін қалыптастыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қарға секірейік".				

	Мақсаты: Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу.				
--	---	--	--	--	--

Қардың пайдасы 2-апта

Мақсаты. Балаларды қардың түсі ақ, мамықтай жерге түсуін байқатуға үйрету; қармен ойнауда қауіпсіздік ережелері жайында түсініктер беру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қысқы жолдармен жүрейік". Мақсаты: Балаларды гимнастикалық орындықта еңбектеп, одан секіріп түсуге үйрету, допты нысанаға домалату, бір-біріне соғылмай жүру және жүгіру жаттығулары; педагог сигналына әрекет ету қабілетін	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қар туралы жаңылтпаштар жаттау". Мақсаты: Балалардың өлең мәтінін құлақпен қабылдау, жеке сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтау қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту. Есту	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Аппақ қар". Мақсаты: Қыстың негізгі белгілері туралы ойларын кеңейту және бекіту, табиғат құбылыстарын бақылау, оларды атау; байқауға, қорытынды жасауға, логикалық ойлауды, сөйлеуді, зейінді дамытуға	Музыка. Тақырыбы: "Қараңдаршы далаға". Мақсаты: Балаларды қимылдарды музыкамен үйлестіруге үйрету. Музыканы тыңдау және оған эмоционалды жауап беру қабілеттерін қалыптастыру. Бірдей қарқынмен ән айту үйрету. Балалардың тембрлік есту қабілеттерін арттыру:	

	жетілдіру; төзімділікке, батылдыққа, тепе-теңдік пен көзбен мөлшерлей білу сезімдерін дамытуға үлес қосу.	жадын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Сөйлеу кезінде етістіктер мен зат есімдерді қолдануын белсендіру. Өлең айтуға деген құлшынысын, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру.	үйрету.	сылдырмақ, барабан, дабыл дауысын ажырату үйрету. Қысқы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Міне, қалай қар сықырлайды". Мақсаты: Балаларды көлбеу тақтайда жүруге, оң және сол қолдарымен қашықтыққа лақтыруға үйрету, ептіліктің дамуына ықпал ету, жасқаншақтықты жеңу, біріге ойнауға үйрету.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Аққала жасаймыз". Мақсаты: Ермексазды алақанның ортасына салып, айналма қозғалысымен дөңгелек пішінін жасауды үйренуді бекіту, дайын бұйымдарды тақтайшаға қоюды үйрету, дайын бұйыммен тамсану.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қарды алысқа лақтырайық". Мақсаты: Балаларға доп лақтыруды және оны ұстап алуды, көлбеу тақтайда жүру, еңбектеуге				

	жаттықтыру, балаларды жылдамдық, ептілік, ойындар мен ойын жаттығуларына зейінін дамыта отырып, әртүрлі жүру және жүгіру түрлерінде жаттықтыру, тату ойнауға тәрбиелеу, жаттығуларға деген қызығушылықты арттыру.				
Аңдардың қысқы тіршілігі 3-апта					
Мақсаты. Балаларға аңдардың қысқы тіршілігі жайында жалпы түсініктерді беру; аңдардың қимылдарына еліктеуге ынталандыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қысқы жолмен". Мақсаты: Дене тәрбиесі кезінде түрлі жүріспен жүруге (қалыпты, аяқ үшімен, тізені жоғары көтеріп жүру, шаңғымен жүруді еліктеу, бірінің артынан бірі жүгіру) жаттықтыру; бекіту, құрсаудан құрсауға өтуді білу; гимнастикалық орындықта жүру жаттығулары (қол	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Орманға барайық". Мақсаты: Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігімен таныстырып, жаңа ұғымдар беріп, оларды дұрыс, анық, буындап айта білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге, жануарларға деген қызығушылықты, сүйіспеншілікке	Сенсорика. Тақырыбы: "Қысқы орманға саяхат". Мақсаты: Көрсету арқылы, балаларға қимылдарды үйрету, шамалар жайлы білімдерін бекіту (үлкен, кішкентай); балалардың шамалар жайлы қасиеттерін топтауды үйрету; сөйлеу қабілеттерін; ұсақ моториканы арттыру. Балалардың бойына жауаптылық сезімін	Музыка. Тақырыбы: "Қонжық пен көжек". Мақсаты: Балаларды өздігінен қимыл-қозғалысын өзгертуге үйрету. Балаларды қарапайым әндерді тыңдауға қалыптастыру. Әннің көңілді сипатын жеткізу үйрету. Музыкаға эмоционалды түрде орындап, қимылдарды музыка жетекшімен бірге қайталау үйрету.	

	белде), жыланша жүру, доғаның астымен өту; күш, жылдамдық, ептілік, өз-өзіне сенімділік, жолдастық, табандылық сезімдерін дамытыңыз; дене тәрбиесі сабақтарына тұрақты қызығушылықты, тәуелсіздікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	тәрбиелеу.	және жабайы жануарларға көмектесу қасиетін сіндіру.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз шеңбер құра аламыз". Мақсаты: Балаларды қол ұстасып шеңбер бойымен жүруге, кедергілерден өтіп, төрт аяқтап еңбектеуге, допты домалатуға, белгілі бір бағытты ұстана отырып, жаттығулар жасауға үйрету.			Сурет салу. Тақырыбы: ""Қарлы ағаштар"". Мақсаты: Балалардың қыс туралы білімдерін бекіту; затты дәстүрлі емес бейнелеу дағдыларын жетілдіру ("батырып" әдісімен мыжылған қағазбен); сөйлеудің диалогтық формасын дамыту: мұғаліммен диалог жүргізе білу, қойылған сұрақты тыңдау және түсіну, оған жауап беру; түстер туралы білімдерін бекіту, зейінді дамыту; шығармашылыққа қызығушылығын арттыру; сабаққа деген қызығушылығын	

				тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Түзу шеңбер". Мақсаты: Балалардың қол ұстасып шеңбер бойымен жүру қабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене жаттығуларының дұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы ақпарат беру; еңбетеп өту, кедергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту.				
Қыстайтын құстар 4-апта					
Мақсаты. Балалардың құстардың тіршілігіне, ұшу, жемді шоқу қимылдарына деген қызығушылықтарын тудыру.					
